

## Әдебиеттер тізімі:

1. Кассирер Э. Символдық формалар философиясы. Т1. - М.: Университетская книга, 2002. – б.117.
2. Кубрякова Е. С. Тіл және білім. - Мәскеу.: Славян мәдениетінің тілдері.2004.
3. Vocabulary.ru/termin/kgnicia/html.
4. Жолковский А.К., Мельчук И.А. Семантикалық ядросинтезі. 19-шы шығарылым.- М. 1967. - б. 117-238.

**Қайнетден Ж.К.,** Е.А.Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Филология факультеті, ҚЖ-31 тобы, студент  
(*Ғылыми жетекшісі – ф.э.к., доцент Рамазанова Ж.С. )*)

## ТІКЕЛЕЙ ЭФИР ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Тәуелсіз елімізде күнде таңертең барша қазақстандықты әнұранмен оятар Қазақ радиосы – ел өміріндегі айтулы оқиғалардың жаршысы. Алғашқы кездегі төрт сағаттық эфирден бастау алған, бүгінгі таңда 90 жылға жуық тарихы бар Қазақ радиосымен қазақ жұрты, қазақ қоғамы бірге жасасып келеді.

Бұқаралық ақпарат құралдарының ішінде радионың алатын орны ерекше. Әрине, бүгінде телевизия мен интернет қарқынды даму үстінде. Электронды тәсілмен ақпарат тарату белең алған бүгінгі жаһандану дәуірінде баспасөз де ақпарат нарығының төрінен түскен емес. Бұлардың әрқайсысының қалыптасқан өз аудиториясы, өз артықшылықтары бар.

Ал радиокондырғылар болса, алаңдарда, демалыс орындарында, үйде, кеңседе, интернетте, көлікте, ғаламторда, тіпті ұялы телефондарда орнатылған. Демек, радионың таралу ауқымы өте кең болғандықтан, ақпаратты миллиондаған аудиторияға бірінші болып жеткізуге мүмкіндігі зор. Елімізде ең тыңдарманы көп сондай радионың бірі де бірегейі – Қазақ радиосы.

Кезінде өз хабарларын «Алматыдан сөйлеп тұрмыз!» деп бастайтын Қазақ радиосы ұлтқа қызмет етуден осы күнге дейін танбай келеді. Соғыс жылдарында майдан даласынан мәлімет беріп тұрған, Ұлы Жеңісті де бірінші болып елге жар салған да Қазақ радиосы еді. Кеңес өкіметі тұсында да амалын тауып ұлттық мұрамызды шама-шарқынша шашпай-төкпей жинастырып, қазыналы «Алтын қорына» сақтаған, қаһарлы Желтоқсанда халықтың сөзін сөйлеуге тырысып, Тәуелсіздіктің азат үнін Алаш баласына жеткізіп отырған да осы – қара шаңырақ Қазақ радиосы.

Бұқаралық ақпарат құралдарының тілі тілдік қатынастың өзге түрлерінің өзіне тән сипатымен, құрылымымен ерекшеленеді. Ғалым Н.Уәли бұл жөнінде былай дейді: “БАҚ-тың тілі өзге қарым-қатынас тіліне қарағанда өзіндік жүйесімен, құрылымдық ерекшеліктерімен қарым-қатынастың ерекше типіне айналды. Публицистикалық дискурстың ерекше типі пайда болды. Коммуникацияға қатысушылардың белгілі бір ситуацияда белгілі бір мәдени-әлеуметтік қоғамдастықта вербалды мәтіндер мен өзге де таңбалар кешені арқылы бір-бірімен өзара әсері дискурс деп аталады. Тілдік қарым-қатынастың бұл түрі бұқаралық қатынас тілі деген арнайы терминмен айтыла бастады” [1, 205].

Радиохабарлар – электронды бұқаралық ақпарат құралдарының тікелей эфир арқылы таратылатын ерекше өнім. Тікелей эфирге тән ерекшеліктерді атап өтіп, олардың әрқайсысына талдау жасап, және қазіргі заман радиодағы тікелей эфир хабарлардың оңды-солды жақтарына тоқталмас бұрын тікелей эфир ұғымын анықтап алған жөн. Тікелей эфир – радиожурналистикадағы уақыт дәлдігін сақтап, жедел хабар таратудың кәсіби әдісі, шығармашылық-техникалық сипаттағы соны технологиялық процесс, аудиториямен қарым-қатынастың айрықша тәсілі, өзгеріске ұшырамайтын нақты құбылыс.

Түптеп келгенде, алуан түрлі пішіндер мен жанрлық ерекшеліктерді қамтып, бір мезгілде атқарылатын бірнеше істің басын қосатын ұжымдық үйлесім мен жүргізушінің лингвистикалық және психологиялық белсенді іс-әрекетінің нәтижесінде жүзеге асатын қызмет жүйесі. Жалпы, радионың ауызекі сөйлеу тілімен, дауыс ырғағымен, техникалық мүмкіндіктерімен о бастан тікелей эфирге бейім екені мәлім. Тікелей эфирдегі жаңалықтар легі іріктеліп, өңделіп, беттеліп әзірленеді.

Журналист еңбегінің басты мақсаты – ақпаратты бере білу, яғни коммуникативтік актіні жүзеге асыру. Радиожурналистің хабар дайындағанда алға қоятын негізгі мақсаты тыңдарманның ішкі жан дүние әлемімен қоса үйіріп ала жөнелетін тамаша тәсіл тауып, айтайын деген ойын, мақсатын ұтымды әдіспен жеткізе білуінде. Бұл радиохабар жанрларының қыры мен сырын жетік біліп, жеделдік танытатын, жалықпай ізденіп, кең алымдылық пен шалымдылыққа ие журналистердің ғана қолынан келеді.

Эфир мерзімінің шектелуі – заңдылық. Қысқа әрі әсерлі ойға толы хабарларда сөйлесуші сөзінің мәнді болғаны абзал. Журналист хабарға қатысушы сөзінің мәтінін қарағанда оның сөйлеу тіліне жақын, артық цифрлар мен терминдерден, жаргон сөздерден таза боуын ойластыруы керек. Автор өзіне тән стилін сақтаса ғана даралыққа ие болады. Кейіпкерлерді ағынан жарылтып сөйлете білу үшін оның көңіл кілтін таба білу қажет. Ал бұл кілтті табудың жолы әрқилы. Журналист алдымен кейіпкерінің мінез-құлқын, адамдармен қарым-қатынасын, өмірге деген көзқарасын, ой дүниесін байқап, ішкі сезім әлеміне кіре білгенде ғана оның жан сарайын бар қырынан жарқырата аша алады. Өткірлік пен батылдық қатар қонақтап, тоғысып жатса хабар арқауы қиюласып, етек-жеңі жинақтала түседі. Жалаң ой мен сылдыр сөз, ұзақ сонар сірескен тіркестер көрерменді оп-оңай жалықтырып жіберетіндігін ұмытпағайсыз. Нақтылық пен фактіге құрылған дәлдік, көсемсөз, қысқалық және нысаналы ой ғана редакторға шабыт, жүргізушіге қанат бітіре алады. Тікелей эфир кезінде сан құрсаулы ой тізбегінің шебін бұзып, арналы ойдың нөпірінен малтымай шығуға да шын шеберлік керек. Сел дария жүректерден жыр дария болып төгіліп, ой жарысының додасынан суырыла шыққан ой тамшыларына, жүргізуші тіліне үйіріле қалған сөз орамдарына не жетсін!

Эфирдегі тербеліс пен тебіреністің жүргізуші бойынан құяр қуаты да тым тегеурінді. Баппен байыбына барлау жасап, жүрек пен миға салқындылық дарытып, шабыттың, ойдың айдынынан қажеттісін ғана қармаққа іліндіру керек-ақ! Радио әлемі терендігіне орай аса жылылықты да, аса салқындықты да сүймейді. Радиоға үш бірдей тұлға: редактор, режиссер, дыбыс операторы ойы бір арнада тоғысып, бір-бірін нәрлендіріп отырғаны жөн. Радиожурналистерге қоңыр дауыс, толымды ой, шалқарлы шабыт керек. Осы үшеуінің біреуі олқы соқты дегенше аудитория көңілінен шығатын дүниелер тумасы анық. Эфир – ойын алаңы емес, ол – тыңдарман алдындағы өте жауапты сын, яғни олармен бетпе-бет келетін майдан іспетті. Радиожүргізушінің жетістігі оның көрермендеріне қаншалықты әсер еткендігіне де байланысты. Үкілі үмітпен радиосын қосқан жүргізуші, қарапайым тыңдарман сан мың көз бен құлақ татымды ой, мәнерлі сөз мәйегін күтеді. Ал халық асыға күтіп, ойына азық, жанына ләззат алатын талантты жүргізушілердің аздығы да өмірдің сайқымазақ бір заңдылығы шығар.

Сонымен, санамалап айтар болсақ, тікелей эфир – уақытқа тәуелді қайталанбайтын құбылыс, электронды бұқаралық ақпарат құралдары мен халық арасындағы тығыз қарым-қатынасты жүзеге асыратын интерактивті әрекет, шығармашылық-техникалық сипаттағы күрделі психологиялық процесс, шығармашылық тұтастық пен ұжымдық үйлесім негізінде нәтижеге жететін радиожурналистиканың жаңаша жұмыс тәсілі.

Тікелей эфирдің табиғатын тану оның өзіндік сипатын, өзіне тән ерекшеліктерін анықтаумен шектелмейтіні белгілі. Өйткені, оны құбылыс қалпында бастан кешіретін, процесс есебінде орындайтын, тәсіл ретінде қолданатын адамдар. Демек, ақпараттық технологияның орасан зор мүмкіндіктері аясында радиожурналистиканың өміршең бағыт алып, ілгері бастауының бір себебі, тегеурінді техникадан емес, сол саланың тұтқасын ұстаған тұлғалардың, яғни журналист мамандардың сол техника тетіктерін радиоға қаншалықты дәрежеде онтайлы да тиімді пайдалана білетіндігінде болып отыр.

Тікелей эфир – аудиториямен қарым-қатынастың айрықша тәсілі болып табылады. Ең бастысы, тікелей эфирдегі диктордың оқуы журналистің жүргізуімен алмасты. Бұл жөнінде зерттеуші В.Л.Цвик мынадай тұжырым жасады: “Жүргізуші журналистің тікелей эфирдегі табысы – кәсіби шеберліктің, айрықша қабілеттің, тамаша тапқырлықтың жемісі” [2, 17]. Ол рас, тек бұл тұжырымда тікелей эфирдегі шығармашылық тұтастық пен ұжымдық үйлесім ескерілмеген. Сол тұрғыдан келгенде, тікелей эфир бір мезгілде атқарылатын бірнеше істің басын қосатын ұжымдық үйлесімнің нәтижесінде жүзеге асатын іс-әрекет. Ал егер хабар эфирден тікелей берілмесе, бұл жұмыс процесі көп сатылы әрекет есебінде, бөлек-бөлек атқарылар еді. Тікелей эфирдің бір тиімділігі сонда, ол, біріншіден, қаражат шығынын азайтты. Бұрын хабардың бір бөлігі репортерге, келесі бір бөлігі студияға жазылып бір рет таспаға түсірілсе, керек тұсы қалдырылып, керек емес тұстары қиылып тасталып, содан кейін бастан-аяқ рет-ретімен жиналып, үшінші рет қайтадан көшірілетін. Сол жинақталған хабарды дыбыс операторы эфирге қосатын. Уақыт та, адам еңбегі де қазіргімен салыстырғанда әлдеқайда көп шығындалатын, соның бәрі енді бір мезгілде ұйымдасқан түрде орындалады.

Ұжымдық үйлесім дегеніміз – осы. Ал, екіншіден, тікелей эфир өзгеріске ұшырамайтын нақты құбылыс болғандықтан, алдын ала жасалған хабардағы диктор оқыған мәтіндегі жасандылық, белгілі бір дәрежедегі артистизм, ендігі жердегі шынайылыққа, табиғилыққа қарай ойысты. Үшіншіден, тікелей эфир оперативтілік тұрғысынан уақыт дәлдігін сақтау мүмкіндігін жолға қойды. Төртіншіден, тыңдарман психологиясына тікелей әсер ету арқылы, олармен қолма-қол қарым-қатынас жасауды

камтамасыз еткен кері байланыс жүзеге асты. Бесіншіден, ғылыми-техникалық прогресс аясында қолданысқа енген соны технологиялық процесс.

“Радиохабар есту арқылы қабылданатын болғандықтан, мәтіннің, яғни текстің немесе сценарийдің айтылатын әңгімеге, сөйленетін сөзге айналу процесіне аса зор мән беріледі. Бұл мәселе дәл қазіргі таңда кең көлемдегі ғылыми кеңестерге, үлкен теориялық және эксперименталдық зерттеулерге негіз болып отыр” [3, 87], – дейді ғалым Н.Омашұлы. Ал тікелей эфир жүргізушінің күнделікті жұмыс процесінде бұл мәселе өткір жолға қойылуға тиіс екені даусыз. Сондықтан да тікелей эфирдегі хабардың даму желісіне мұқият мән беріп, оның психологиялық аспектілеріне терең үңілуімізге тура келеді. Тікелей эфирдегі жұмысты жүзеге асыру сипаты өндірістегі жоғары қарқынды еңбек ырғағына ұқсайды.

Осыған орай, тікелей эфирді шығармашылық-өндірістік процесс ретінде қарастыруға болады. Ғылыми зерттеулер көрсетіп бергендей, тікелей эфирдегі жүргізушінің қызметі айрықша, кейде тіпті төтенше ахуалда жүзеге асады. Демек, келесі кезекте тікелей эфир шығармашылық-техникалық сипаттағы күрделі психологиялық процесс. Сондықтан да тікелей эфирді жүргізетін радиожурналистке кәсіби деңгейдегі даярлықпен қатар, арнайы психологиялық дайындық қажеті сөзсіз. Негізінде, тікелей эфирдегі психологиялық ахуалды қалыптастырудың іргетасы микрофон алдына барғанға дейінгі даярлық кезінде жүзеге асатын нақты әрекеттер мен тынымсыз ізденіс нәтижесінде қаланбақ. Тікелей эфирдегі шығармашылық қызметті талдау барысында төтенше жағдайларға төтеп беру үшін жүргізушілер қандай қасиеттерді бойына сіңіруі керек немесе кәсіби қызметтің қандай қырларын меңгеріп алуға тиісті деген заңды сұрақ туады. Тәжірибе көрсеткендей, тікелей эфирде жұмыс істейтін маман үшін ең маңызды мәселе дүниетаным деңгейі жоғары, білімі терең, кәсіби шеберлігі шыңдалған белсенді маман ғана емес, сонымен қатар ерікті, жігерлі, қайратты, белсенді, көңіл-күй тұрақтылығын сақтай білетін, ұстамды, орнықты, өз психологиясын өзі қадағалай алатын табанды адам болуы керек. Себебі тікелей эфирдің осындай психологиялық аспектілерін меңгеріп, оны жұмыс процесінде кәдеге жарату – кәсіби деңгейі жоғары, өз ісін жетік білетін үздік маманға қойылатын заңды да орынды талап. Тікелей эфирді сәтті өткізіп, шығармашылық табысқа жету үшін ғалым Әбдіжәділқызы Жидегүл мынадай критерийлерді ұсынады:

Ықпал ету (реакция). Мұның өзі негізгі екі категориядан тұрады:

а) сөйлеу мәнерінің ойнақылығы, сөйлейтін сөзінді іштей жұптап, ойынды сабақтап үлгеру, ең болмағанда келесі айтатын фразанды бір сөйлем көлемінде тізбектеп алу.

ә) техникалық сипаттағы тапқырлық, яғни операторлық әрекеттерді өте ұқыпты орындау.

1. Дауыс ырғағы (интонация).

а) үн екпіні (тон). Сөйленетін сөздегі логикаға сәйкес үн екпінін жоғары көтеріп, төмен түсіру арқылы өзгерту эфирді байыта түседі.

ә) үн деңгейі.

3. Имидж. Журналистің өз стилі, ешкімге ұқсамайтын ерекше қасиеті.

4. Жүйелілік (рекламент). Эфирдің толып жатқан түрлі-түрлі элементтері бар.

5. Тіл мәдениетін сақтау

а) қарабайыр сөздерді қолданбау

ә) қайталау жібермеу

Қазақ радиосында тікелей эфирде жүргізілетін кейбір бағдарламалар атауы:

1. “Қайырлы таң, Қазақ елі” – Таңертеңгілік ақпараттық-танымдық, сазды-көңілашар бағдарламасы. Жүргізуші – Жарқын Сәленұлы.

2. “Тыңдарман сағаты” Жүргізуші – Нұрболат Жантелиев.

3. “Қазақ сарбазы” Жүргізуші – Мөлдір Жанбаева.

4. “Түнгі такси” Жүргізуші – Салтанат Смаилова.

5. “Ақ тілек”. Тікелей эфир. Радиотыңдаушылардың сұраулары бойынша концерт.

Жүргізуші – Бақытжан Жармұхамед.

Тікелей эфирдегі журналист жұмысының табысты болуы көбіне-көп оның өзін-өзі қалай ұстағанына, қандай мәнерде сөлегеніне, сөйлеген кезде қаншалықты сендіргеніне, сол арқылы қандай әсер қалдырғанына байланысты. Тікелей эфирде қызмет ететін жүргізушілер өз кәсіби деңгейлерін көтеру үшін аталып өткен критерийлерді есепке алып, талаптарды мұқият орындауы қажет екені сөзсіз.

## Әдебиеттер:

1. Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері: филол.ғыл.док...дисс.:10.02.02. – Алматы, 2007. – 329 б.
2. Цвик В.Л. Журналист с микрофоном. – М. 2002. с. 40.
3. Омашев Н. Қазақ радиожурналистикасы. Оқу құралы. – Алматы, 2005. – 375 б.
4. Әбдіжәділқызы Ж. Тікелей эфир табиғаты. Оқу құралы. – Алматы, 2003. – 139 б.

**Қалдыбаева Г.Н.,** Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, филология факультеті, КО-22 тобы, студент  
(*Ғылыми жетекшісі - ф.ғ.к, доцент С.У.Такиров*)

### ҚАЛАМҒЕР ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ТІЛ КӨРКЕМДІГІ МЕН СТИЛЬ ЕРЕКШЕЛІГІ

Тәуелсіздік алғалы жазылған прозалық туындылардағы көркемдік үлгі-өнегелер өте күрделі. Ол қаламгерлердің ұлттық ауқымындағы шеберлік нақыштарымен ғана шектелмей, әлем әдебиетіндегі көркемдік үрдістерді қазақ топырағында жаңғырта, түлете білгендігімен көңіл аудартады. Қазіргі қазақ прозасындағы оның ішінде Серік Сағынтай шығармалары көркемдік ізденістерге толы. Соның ішінде жазушының қазіргі қазақ әдебиетіне алып келген жаңаша лебін, көркемдік ізденістерін және прозалық туындыларындағы автор шеберлігін жеке қарастыруға болады.

XX аяғы мен XXI ғасырдың соңғы жылдарында қоғам дамуында елеулі өзгерістер болды. XX ғасыр аяғындағы катаклизмдер ерекше қоғамдық жағдай тудырып, қоғамдық санаға әсер еткен еді. Ал XXI ғасыр табалдырығынан аттаған тұста адамзат қоғамы түрлі құбылыстарды бастан кешіруде, сондықтан, соңғы он жылдағы әдебиеттің міндеті осы өзгерістерге ілесу болып отыр. Әлемдік әдебиетте ғана емес, өнер, философияда да қазіргі кезде постмодернистік жүйе үстемдік құрып отыр. Постмодернизм теориясын жасауда бірізділік жоқ, алайда оның сипаттарын көрсетіп берген зерттеушілер бар.

Д. Затонский: «Біздің барлық іс-әрекетіміз тек екі «мегаформаға» және «постмодернистік»; бұлар әлемдік тарих кеңістігінде кезекпен (әрине, хронологиялық тәртіппен емес) бір-бірін алмастырып отырады,» - дейді [1, 78].

Бұл пікірдің негізі Италия жазушысы У. Эко сөздерінде жатыр: «Постмодернизм қандай да бір бекітілген хронологиялық құбылыс емес, ол – рухани күй... Бұл мәнде әр дәуірдің өз постмодернизмі бар деген фразаның жаны бар... Егер де «постмодернизм» осыны білдіретін болса, Стерн мен Раблені, Борхесті неге постмодернист деп атауға болатыны түсінікті...» [1, 81].

У. Эко ғалымның осы тұста айтары көп. Оның жалпы әдебиеттануға, өнертануға әкелген жаңалықтары елеулі. Сондай жаңалықтарының бірі – жазушылар туындысын жалпы ой жеткізу мәнеріне, оқырмандардың санасына, интеллектуалды ойлауына әсері жағынан «шектеулі» шығарма және «шектеусіз» шығарма деп бөледі.

Біз жоғарыда сөз еткен әдебиеттегі постмодернистік құбылыс шығарманы кең ауқымда қарастырады. Мысалы, жазушы талғамынан бастап оқырман талғамын ескере отырып, қандай да бір шығарманың соңғы түйінін шығару. Осындай жағдайларды сөз ете отырып, мынандай мәселелерге тап боламыз.

Жақында ғана жазылып жатқан шығармалардың (әлем әдебиетінде болсын, қазақ әдебиетінде болсын) ортақ сипаты бар: қандай да бір туындыны оқып отырған оқырманның ой еркіндігі. Жазушының айтып отырған ойын тек қана қабылдамай, сонымен қатар, еркін интерпретация жасайды, өз еркімен көп жағдайларды анықтайды, мысалы, шығарманы қай формаға салып оқу, шығармадағы оқиға желісінің бірізділігін ажырату. Осылайша, жазушы еңбегі импровизацияланған шығармашылық әктіге айналады.

Өнердегі қандай да бір құбылысты басқа өнермен түсіндіру өте түсінікті. Сондықтан, әдебиеттегі осы құбылысты музыка өнеріндегі құбылыспен түсіндіріп өтсек.

Анри Пуссер «Scambi» пьесасын былай сипаттайды: «*Scambi* – бұл тек қана музыкалық шығарма ғана емес, сонымен бірге, мүмкіншіліктер жазығы, таңдау еркіндігін жүзеге асыруға арналған шақыру. Аталмыш музыкалық туынды 16 бөлімнен тұрады. Олардың әрбірі музыкалық процесстің логикалық бірізділігіне нұсқан келтірмейтіндей өзге екі бөліммен байланысу мүмкіндігі бар. Мысалы, екі бөлім ұқсас мотивпен ашылады ( содан соң екеуі әр түрлі бағытта дамиды); басқа екі бөлім, керісінше, екі түрлі мотивпен басталады, алайда, бір түйінге келеді. Орындаушы